

Петропавл су торабының су қабылдағышымен бірге Есіл өзеніндегі бөгетті - гидротехникалық құрылысты республикалық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1057 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Петропавл су торабының су қабылдағышымен бірге Есіл өзеніндегі бөгетті - гидротехникалық құрылысты (бұдан әрі - Бөгет) республикалық меншікке беру туралы Access Industries (Eurasia), LLC компаниясының ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) Access Industries (Eurasia) LLC компаниясымен Бөгетті мемлекеттік меншікке беру туралы шарт жасассын;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Бөгетті республикалық меншікке қабылдап алу жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

3) Бөгетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Солтүстіксушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміне берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі